Бекітемін
Өскемен қаласы әкімдігінің
«№ 29 орта мектебі» КММ директоры
Б.Б.Воробьёв

2015-2016 оқу жылында
Өскеменқаласыәкімдігінің «№ 29 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық қаупін ішкі талдау қорытындысы бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Агенттік Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 сыбайлас жемқорлыс қатерінің ішкі талдауын өткізудің үлгі ережесіне сәйкес және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесі негізінде жұмыс тобының төрағасы, мектеп директоры Б.Б. Воробьевтің, жұмыс тобының мүшелері бас бухгалтер А.С. Тюлембаева, ОІ жөніндегі директордың орынбасары Е.Ю. Лукина 2016 жылдың қаңтарынан бастап желтоқсан айына дейін сыбайлас жемқорлық қаупінің ішкі талдауын өткізді.

Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 29 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметі сыбайлас жемқорлық қаупін ішкі талдау объектісі болып табылды. Талданатын кезең – 2015-2016 оқу жылы.

Жемқорлық қаупінің ішкі талдауы Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 29 орта мектебі» КММ ұйымдастырушылық-басқару қызметінде мемлекеттік сатып алу қызметін көрсету сұрақтары; қызметкерлерді басқару; қызығушылықтар дауын реттеу бойынша сыбайлас жемқорлық қаупін анықтау бағытында жүзеге асырылды.

Жемқорлық қаупінің ішкі талдауын өткізу үшін ақпарат көздері ретінде Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 29 орта мектебі» КММ қызметіне байланысты нормативтік-құқықтық актілер, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; мектепке келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері алынды.

Өскемен қаласы әкімдігінің «№ 29 орта мектебі» КММ мемлкеттік қызмет көрсетудегі жемқорлық қаупін талдау кезінде жұмыс тобы келесі сандық және сапалық көрсеткіштерді белгілейді:

1. Құжаттарды қабылдау және балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымына қабылдау. Көрсетілген мемлекеттік қызмет – 31.

2. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағынштылығына қарамастан, құжаттарды қабылдау және білім беру ұйымдарына есепке алу. Көрсетілген мемлекеттік қызмет – 124.

3. Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжат қабылдау. Көрсетілген мемлекеттік қызмет – 0.